Бұл сынақтың нәтижесінде, тау-кен қазбалары өтілетін қабаттың физика-механикалық қасиеттері анықталды. Сондай-ақ, әр қабаттың өзіндік ерекшелігіне байланысты және қазбаның екі қабатты кесіп өткендегі болжамдалатын опырылым аймағын табуға болады.

Тау-жыныстарының опырылуға бейімділігін сипаттау және мөлшерін білу үшін бізге табиғи тығыздықты нақты білу керек. Тау-жыныстардың табиғи тығыздығы "Зертханаға арналған стандартты тест әдістері", "физикалық сипаттамаларды зертханалық анықтау әдістері" ГОСТ 5180-2015 сәйкес дұрыс пішіндегі үлгілерде анықталды [10].

Табиғи тығыздық келесі формула бойынша тікелей өлшеу әдісімен анықталды:

$$\rho = \frac{M \cdot 4000}{\pi \cdot d^2 \cdot h} \quad (1.1)$$

мұндағы m -үлгінің массасы, г;

d - үлгінің орташа диаметрі, мм;


h -үлгінің орташа биіктігі, мм.

Қабатты кен орындарын игеру кезінде тау жыныстардың жылжуы әдетте, қазбаны өту кезінде қазбалардың төбесінің иілуінен басталады. Өндірілген кеңістіктің ауданы ұлғайған сайын тау жыныстарының иілісі өседі, ал бұл процесс қозғалысқа ұшыраған қабаттардың санының көбеюімен сипатталады, кейіннен тау-жыныстардың қабатты жазықтықтар бойымен жылжуы байқалады, қабаттарда жарықшақтар мен стратификация жарықшақтары пайда болады, әдетте бұл қазба төбесінің қабаттарға бөлініп, құлауына әкеледі.

Камерааралық кентіректердің (КАК) бұзылуынан туындаған камералық-бағаналық игеру жүйесінде тау жыныстарының жылжуының жалпы схемасы тұрғысынан іргелес жыныс қабатының кернеулі-деформацияланған күйінің өзгеруін егжей-тегжейлі зерттеуді проф.В. И. Борщ-Компанийц және проф. А. Б. Макаров жүргізді [8]. Олар КАК бұзылғаннан кейін және тау жыныстары құлаған кезде, арка ішінде жоғары қабат өзінің қарсыласу күштері есебінен тұрақтылықты сақтайтынын көрсетті. Арка құрылымы қалыптасады, оның күмбезінің құлпы құлау аймағының үстінде орналасқан ең төменгі субгоризонталды кернеу компоненттерінің шоғырлану аймағы болып табылады, ал күмбездің өкшелері — КАК, қирау аймағына іргелес. Осылайша, опырылымға бейім тау-кен қазбаларын өту кезінде, кен қазбасының пішіні аркалы қылып жүргізу тімділігі анықталды.

Тау-жыныстарының беріктігі мен орнықтылығы тау-жыныстарының опырылымға бейімділігімен тікелей байланысты. Яғни, орнықтылық категориясы неғұрлым төмен болса, соғұрлым тау жыныстарының опырылымға деген бейімділігі жоғары.

Сондай-ақ, лабораториялық сынақтардың нәтижесінде, тау-жыныстарының беріктігі қабаттың өлшемдеріне тікелей байланысты екені анықталды. Қабаттың мөлшерінің ұлғаюы мен тау-жынысы қабатының беріктілігі төмендеуінің жалпы тенденциясы ондағы әртүрлі иерархиядағы жарықшақтардың болуымен сипатталады.



1.6 Сурет – Тау жыныстарының беріктігінің оның көлеміне тәуелділігі

Мәліметтерге сәйкес, тау жыныстарының беріктігінің оның көлеміне тәуелділігі кестесі жасалды.


Тау-жыныстарының опырылымға бейімділігі оның беріктік және деформациялық сипаттамаларына тура пропорционал. Сондықтан, тау-жыныстарының беріктік және деформациялық сипаттамалары тәжірибелік сынақ арқылы анықталды. Сынақ ISRM "Uniaxial Compressive Strength and Deformability of Rock Materials" және ГОСТ 28985-91 "Тау-жыныстар. Бір осьті сығу кезіндегі деформациялық сипаттамаларды анықтау әдісі" нұсқаларына сәйкес орындалды [10].

Әдістің мәні цилиндрлік үлгінің ұштарына қолданылатын қысу күші кезінде, оның осы күшпен туындаған бойлық және көлденең деформацияларын өлшеу болып табылады [10].

Сынақтар серво-гидравликалық MTS 816 сынақ машинасында өтті [10].




1.7 Сурет – Серво-гидравликалық сынақ жүйесі MTS 816 бір осьті сығуға арналған плиталары бар нұсқада



1.8 Сурет – Бойлық және көлденең деформацияны көрсететін датчиктердің үлгіде орналасуының көрінісі

Сынақ нәтижелері бойынша, үлгінің бойлық және көлденең салыстырмалы деформацияларының осьтік кернеулерге тәуелділік графиктері жасалды.



1.9 Сурет – Деформациялық көрсеткіштерді есептеу үшін, бойлық және көлденең кернеулердің үлгіде салыстырмалы сипаттамалық деформацияларының тәуелділігінің графигі

Сынақ нәтижелері бойынша, келесі беріктік және деформациялық сипаттамалар анықталды:

Бір осьті сығуға беріктік шегі:

$$\sigma_{100} = \frac{N}{A} \text{ [МПа]} \quad (1.2)$$

мұндағы N -жүктеме;
 A -ауданы, мм²

Бойлық салыстырмалы деформация:

$$\varepsilon_1 = \frac{\Delta L}{L} \quad (1.3)$$

мұндағы ΔL -деформациялардың өсуі, мм;
 L -деформацияны өлшеу базасы, мм.

Көлденең салыстырмалы деформация:

$$\varepsilon_2 = \frac{\Delta D}{D} \quad (1.4)$$

мұндағы ΔD -диаметрдің өзгеруі, мм;
 D - үлгінің диаметрі, мм.

ISRM сәйкес анықталған 0-50% RPR кернеу диапазонындағы Янг модулі және көлденең деформация коэффициенті:

$$E_{50} = \frac{\sigma_{50} - \sigma_{ul}}{\varepsilon_{1-50} - \varepsilon_{1-ul}}; \quad \mu_{50} = \frac{\varepsilon_{2-50} - \varepsilon_{2-ul}}{\varepsilon_{1-50} - \varepsilon_{1-ul}} \quad (1.5)$$

мұндағы $\sigma_{ul}, \varepsilon_{1-ul}, \varepsilon_{2-ul}$ -кернеу, жүктеме алдындағы деңгейдегі салыстырмалы бойлық және көлденең деформация.

MEMST 28985-91 сәйкес анықталған серпімділік модулі және Пуассон коэффициенті:

$$E = \frac{\sigma_{e1} - \sigma_{e2}}{\varepsilon_{1-e1} - \varepsilon_{1-e2}} \cdot \vartheta = \frac{\varepsilon_{2-e1} - \varepsilon_{2-e2}}{\varepsilon_{1-e1} - \varepsilon_{1-e2}} \quad (6)$$


Бір осьті созылуға беріктік шегін (UTS арқылы) анықтау жөніндегі зертханалық зерттеулердің нәтижелері төмендегі кестеде келтірілген.

1.4 Кесте – Бір осьті созылуға беріктік шегін (UTS арқылы) анықтау жөніндегі зертханалық зерттеулердің нәтижелері

№ п/п	Место-рождение	Лаб, номер образца	Номер скважины	Номер образца	Интервал отбора, м	Литотип	Естественная плот-ность, г/см3	Предел прочности при одноосном растяжении, МПа	
								частное	среднее
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Акбакай	80	S_YU_296_19_014	A_111	77,7-78	BER	2,639	8,39	8,39
2	Акбакай	87	S_MAK_19_002	A_119	6,02-6,15	BER	2,749	16,23	
3	Акбакай	99	S_MAK_19_002	A_131	30,34-30,45	BER	2,697	17,39	
4	Акбакай	112	S_MAK_19_002	A_144	47,5-47,68	BER	2,703	19,50	
5	Акбакай	117	S_MAK_19_002	A_150	48,6-48,72	BER	2,778	17,80	
6	Акбакай	132	S_P1_M37_GT_27_014	A_173	6,43-6,56	BER	2,702	12,93	
7	Акбакай	202	S_ZL_36_10_061	A-260	17,1-17,32	BER	2,741	11,47	
8	Акбакай	67	s_P1_M45_23_35	A_076	15,2-15,45	DIORITE	2,767	31,17	
9	Акбакай	68	s_P1_M45_23_35	A_077	15,5-15,6	DIORITE	2,754	27,13	
10	Акбакай	70	s_P1_M45_23_35	A_079	17,36-17,45	DIORITE	2,771	24,59	
11	Акбакай	71	s_P1_M45_23_35	A_080	17,1-17,19	DIORITE	2,692	24,96	31,17
12	Акбакай	3	S_P1_M37_GT_010	A_003	7,29-7,43	GRD	2,533	6,01	
13	Акбакай	5	S_P1_M37_GT_008	A_005	5,39-5,49	GRD	2,633	14,06	
14	Акбакай	6	S_P1_M37_GT_008	A_006	7,22-7,35	GRD	2,535	4,74	
15	Акбакай	9	S_P1_M37_GT_009	A_009	3-3,16	GRD	2,670	19,75	
16	Акбакай	20	P1_M36_32_GT_007	A_028	5-5,09	GRD	2,625	16,62	
17	Акбакай	22	P1_M36_33_GT_005	A_030	3,13-3,24	GRD	2,653	20,58	
18	Акбакай	25	P1_M36_32_GT_004	A_033	0,9-1	GRD	2,646	14,13	
19	Акбакай	29	P1_M36_35_GT_001	A_037	7-7,1	GRD	2,629	15,12	
20	Акбакай	34	P1_M36_35_GT_002	A_042	5,88-6	GRD	2,646	14,70	
21	Акбакай	42	S_FR90_30_060	A_050	28,85-30	GRD	2,627	8,61	
22	Акбакай	51	s_P1_M45_23_33	A_060	1,65-1,8	GRD	2,639	23,51	
23	Акбакай	55	s_P1_M45_23_34	A_064	5,32-5,45	GRD	2,692	23,09	
24	Акбакай	61-1	s_P1_M45_23_35	A_070	5,2-5,28	GRD	2,697	17,79	
25	Акбакай	61-2	s_P1_M45_23_35	A_070	5,2-5,28	GRD	2,689	17,01	
26	Акбакай	65-1	s_P1_M45_23_35	A_074	13,8-13,9	GRD	2,766	28,33	
27	Акбакай	65-2	s_P1_M45_23_35	A_074	13,8-13,9	GRD	2,680	16,07	
28	Акбакай	76	s_P1_M45_23_35	A_085	30,05-30,11	GRD	2,616	23,59	
29	Акбакай	77	S_YU_296_23_029	A_102	106,25-106,4	GRD	2,690	15,38	
30	Акбакай	79	S_YU_296_19_014	A_110	60-60,14	GRD	2,738	18,90	
31	Акбакай	84-1	S_MAK_19_002	A_115	0,56-0,63	GRD	2,633	20,63	
32	Акбакай	84-2	S_MAK_19_002	A_115	0,56-0,63	GRD	2,658	17,56	
33	Акбакай	85	S_MAK_19_002	A_116	0,7-0,88	GRD	2,672	12,81	
34	Акбакай	93	S_MAK_19_002	A_125	18,6-18,68	GRD	2,701	17,78	
35	Акбакай	97	S_MAK_19_002	A_129	27,92-28	GRD	2,694	16,87	
36	Акбакай	100	S_MAK_19_002	A_132	36,5-36,61	GRD	2,699	11,84	6,01
37	Акбакай	101	S_MAK_19_002	A_133	37,93-38	GRD	2,687	10,95	
38	Акбакай	102	S_MAK_19_002	A_134	38,48-38,55	GRD	3,251	19,12	
39	Акбакай	107	S_MAK_19_002	A_139	45,13-45,23	GRD	2,707	15,67	
40	Акбакай	109	S_MAK_19_002	A_141	46,18-46,24	GRD	2,689	16,78	
41	Акбакай	111	S_MAK_19_002	A_143	47,2-47,27	GRD	2,670	18,56	
42	Акбакай	118	S_YU_296_20_020	A_152	28,22-28,34	GRD	2,680	16,40	
43	Акбакай	121	S_P1_M37_GT_011	A_158	2,15-2,24	GRD	2,696	15,98	
44	Акбакай	127	S_P1_M37_GT_27_013	A_167	1,41-1,5	GRD	2,690	16,21	
45	Акбакай	135	S_P1_M37_GT_27_015	A_177	4,16-4,3	GRD	2,637	18,25	
46	Акбакай	138	S_P1_M37_GT_27_016	A_181	2,9-3	GRD	2,700	18,90	
47	Акбакай	142	S_P1_M37_GT_21_023	A_186	2,62-2,75	GRD	2,675	14,60	
48	Акбакай	145	S_P1_M37_GT_21_024	A_191	1,78-1,88	GRD	2,683	16,78	
49	Акбакай	149	Скв S	A_195	3,85-3,94	GRD	2,696	8,13	
50	Акбакай	152	Скв S	A_198	7,43-7,49	GRD	2,413	2,91	
51	Акбакай	154	Скв S	A_200	7,85-7,91	GRD	2,737	9,08	
52	Акбакай	155	Скв S	A_201	9-9,07	GRD	2,723	11,01	
53	Акбакай	157	Скв S	A_203	25,7-25,81	GRD	2,701	12,00	
54	Акбакай	164	Скв S	A_210	34,74-34,84	GRD	2,700	12,47	
55	Акбакай	167	Скв S	A_213	38,94-39	GRD	2,741	16,85	
56	Акбакай	168	Скв S	A_214	40,92-41	GRD	2,713	15,22	
57	Акбакай	172	S_YU_296_77_012	A-218	31-31,18	GRD	2,579	9,81	

1.4 кестенің жалғасы – Бір осьті созылуға беріктік шегін (UTS арқылы) анықтау жөніндегі зертханалық зерттеулердің нәтижелері									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
63	Ақбакай	192	S_YU_296_16_036	A-250	23-23,27	GRD	2,733	19,81	15,71
64	Ақбакай	193	S_YU_296_16_036	A-251	30,53-30,82	GRD	2,683	13,76	
65	Ақбакай	196	S_YU_296_16_036	A-254	69,69-69,9	GRD	2,724	17,71	
66	Ақбакай	200	S_ZL_36_10_061	A-258	4,1-4,21	GRD	2,690	16,98	
67	Ақбакай	14-1	P1_M36_32_GT_006	A_022	7,44-7,55	LPH	2,781	15,71	
68	Ақбакай	14-2	P1_M36_32_GT_006	A_022	7,44-7,55	LPH	2,781	29,59	
69	Ақбакай	35	P1_M36_35_GT_002	A_043	7,41-7,54	LPH	2,816	24,47	
70	Ақбакай	47-1	S_PL_M35_19	A_056	8,65-8,77	LPH	2,785	23,43	
71	Ақбакай	47-2	S_PL_M35_19	A_056	8,65-8,77	LPH	2,757	22,43	
72	Ақбакай	144	S_P1_M37_GT_21_023	A_189	5,05-5,25	LPH	2,741	19,52	

Сондай-ақ, RocData бағдарламалық жасақтамасының көмегімен массивтегі тау жыныстарының беріктік төлқұжаттары салынды.



1.10 Сурет – Массивтегі тау-жыныстарының беріктік төлқұжаты

Жоғарыда келтірілген формулалар бойынша есептеулер нәтижесінде массивтегі тау жыныстарының беріктік параметрлерінің келесі мәндері ұсынылды. Төменде ығысу үшін беріктік қасиеттерін есептеу үшін ұсынылған мәліметтер келтірілген.

1.5 Кесте – Массивтегі тау жыныстарының беріктік қасиеттерін есептеу үшін ұсынылған мәндер

Тип породы	φ в об	JRC	JCS	σ_n max	φ в массиве	$K_{сц}$ в мас
			МПа	МПа		
Ber	12,28	6,477	8,323	7,36	12,13	0,13
Diorite	13	13,22	8,78	7,74	12,64	0,29
GRD	12	6,63	8,3	7,33	11,85	0,13
LPH	10	5,74	8,85	7,27	10,06	0,11

Есептеу нәтижелері березиттелген гранодиориттердің бір осьті сығылуына тау жыныстарының беріктігі шамамен 90% - ға, диориттердің 92% - ға, гранодиориттердің 92% - ға, лампрофирлердің дайкалары 95% - ға төмендегенін көрсетті. Березиттелген гранодиориттер массивінің толық беріктігі 20%, диориттер 17 %, гранодиориттер 21 %, лампрофирлер 17% құрайды.

Табиғи жарықшақтың бойындағы ілінісу коэффициенті: березиттелген гранодиориттер үшін- 0,13 МПа, диориттер үшін 0,29 МПа, гранодиориттер үшін – 0,13 МПа, лампрофирлер үшін – 0,11 МПа.

Массивтегі тау жыныстарының физика-механикалық қасиеттері үлгілердегі зертханалық зерттеулер негізінде есептеледі.

Алынған нәтижелер келесі процестер үшін дұрыс емес технологиялық шешімдер қабылдау қаупін азайтады:

- тау-кен қазбаларын бекіту бойынша;
- тау-кен қазбаларының орналасу орнын таңдау кезінде;
- тазалау қазбаларының тұрақты параметрлерін негіздеу кезінде.

Массивті құрайтын тау-жыныстарының физика-механикалық қасиеттері туралы нақтыланған мәліметтер негізінде әзірленген геомеханикалық модельдер:

- модельденетін геомеханикалық процестердің сенімділігін арттыру;
- тау-кен қысымының жоғары аймақтарын дер кезінде анықтау;
- тау жыныстары массивінің күрделі геомеханикалық учаскелерін оқшаулау бойынша қандай да бір технологиялық шешімдердің тиімділігін анықтау;
- тазалау тау-кен қазбаларының жапсарлас дайындық және күрделі тау-кен қазбаларына әсер ету дәрежесін анықтауға көмектеседі.

2 Кенорнының тау-кен геологиялық шарттарын алдын-ала бағалау негізінде дайындық қазбаларын бекітудің тиімді технологиясын негіздеу

2.1 Кенорнының тау-кен геологиялық шарттарын тиімді бекітпе түрін таңдау үшін алдын-ала бағалау

Кен орындарын жер асты тәсілімен игерудің қазіргі жай-күйі негізінен тау-кен жұмыстарын тереңдету қарқынына және тау-геологиялық жағдайлардың күрделілігіне байланысты әртүрлі ерекшеліктермен сипатталады. Сондықтан, тау-кен қазбаларын жүргізу жұмыстарының тиімділігін арттыратын және еңбек қауіпсіздігі мен өнімділігін арттыруды қамтамасыз ететін Ақбақай кен орнының жағдайларына қолайлы бекітпенің және бекіту технологиясының оңтайлы түрін талдау және таңдау қажеттілігі туындады.

Жерасты қазбасында тау қысымының пайда болу шарттары таужыныстары сілемінің кернеулі жағдайымен және қазба айналасындағы таужыныстарының беріктік, реологиялық қасиеттерімен анықталады. Қазбаның орналасу тереңдігінің өсуіне байланысты таужыныстарының кернеуі де жоғарылайды. Егер тау-кен сілемінің кернеуі таужыныстарының беріктігінен асатын болса, қазба айналасындағы сілемде серпімді емес деформация пайда болады. Сонымен қатар қазбаның жиегі бірнеше ондаған сантиметрге жылжиды, ал бекітпе болса жүктеледі [5-7].

Бекітпенің түрі мен құрылымы сілемдегі таужыныстарының физика-механикалық қасиеттеріне сәйкес қазбаға түсетін тау қысымының мөлшеріне және бағытына, қазбаның көлденең қимасының пішіні мен аудандарына, қазба жүргізудің технологиялық әдістеріне, кен алу жұмыстарының қазбаға тигізетін әсеріне, т.б. факторларға байланысты. Қазбаларды бекіту көп еңбек шығыны жұмсалатын қымбат үрдіс. Қазбаны бекітуге бүкіл қазба өтуге жұмсалатын қаржының 30%-ға дейінгі бөлігі жұмсалады [4].

Қазбаларды бекітпелеу технологиясы дегеніміз - жерасты қазбаларының бүкіл пайдалану мерзімінде тұрақты тұруын қамтамасыз етуге арналған инженерлік құрылымды жасаудың әдістері мен операцияларының жиынтығы. Осы критерийлерді сақтау үшін және бұлдыртпай орындау үшін, қазба жүргізілетін аймақтың физика-механикалық, геомеханикалық, тектоникалық қасиеттерін толық қамту қажет, және бүкіл жұмысты арнайы жасалған бекітпелеу паспортымен орындалуы мұқтаж. Қазба бекітпелерінің осы қазба жүргізілген таужыныстары сілемінде жүріп жатқан геомеханикалық үрдістерге әсер ететінін ескере отырып, осы геомеханикалық үрдістерге белгілі мақсатты көздей отырып, бекітпелердің құрылымдарын қазба жүргізу кезінде ашылған қазба забойының кеңістігінен әр түрлі қашықтықтарда, әр мезгілде орната отырып әсер етуге болады. 11-94-80 ҚНЖЕ талаптары бойынша шахта құрылысы мен қазбаларды пайдалану кездерінде пайда болатын жайсыз жүктемелердің жиынтығын ескере отырып, қазба бекітпелерін

есептеу керек. Қазбаның бекітпесі өндірістік үрдістердің қазбаның құрылысы және пайдалану кезеңдерінде дағдарыссыз жүргізілуін қамтамасыз етуі керек. Сондықтан олардың материалдары мен құрылымдарына қойылатын талаптар да жоғары: бекітпелердің құрылымдары жасауға қарапайым, тасуға ыңғайлы, қайта қолдануға болатындай және өлшемдері мейлінше аз болуға тиісті; бекітпелерді механикаландырылған әдіспен, еңбекті және уақытты мейлінше аз жұмсап орнатуға мүмкіндік тудыруы керек; оларды орнатуға және пайдалануға (жөндеуге) мейлінше аз қаржы жұмсалуды қажет; бекітпелердің аэродинамикалық кедергісі мейлінше аз болуы керек; бекітпе материалдары коррозиядан қорғалуы тиіс; бекітпе құрылымы мен материалдары қазбаның бүкіл пайдалану кезеңінде жұмыс қалпын тұрақты ұстап тұруы керек; бекітпе құрылымына жасауға материал мейлінше аз жұмсалуды қажет [4].

Тектоникалық бұзылыстар аймағындағы тау жыныстарының массивін басқару өте күрделі техникалық проблема болып табылады. Опырылуға бейім тау-жыныстары аймақтарында жүргізілетін қазбалардың жанындағы тау жыныстарының деформация, орын ауыстыру және бұзылу процестері толық зерттелмеген, серпімділік, икемділік, сусымалы орта теориясында үздіксіз орта механикасының бірқатар әдістері жасалды. Алайда, олар дизъюнктивтер аймақтарында жыныстардың күрделі және гетерогенді жатуы жағдайында қазбаларды жүргізу және қолдау мәселелерін шешу үшін қолданылмайды [8]. Дизъюнктив аудандарында тау қысымы күштерінің және өз салмағының әсерінен тау жыныстарының массиві әлсіреудің табиғи беттеріне бөлінеді. Тау жыныстары мен қазба төбесінің құлауы, тау соққысы және тау қысымының басқа да зиянды көріністерінің пайда болу ықтималдығы бұзылу мен қазбаның түрі мен параметрлеріне, олардың массивтегі өзара бағдарлануына, қазбаның мақсатына (лава, көмір бойынша штрек, квершлаг және т.б.), оны жүргізу тәсіліне, тау жыныстары мен көмір қабаттарының сіңімділігіне, беріктігі мен геометриясына байланысты. Осы факторлардың және олардың массивтегі параметрлері - тау қысымының көріну сипатын және нәтижесінде тау жыныстарының опырылуының, соққылардың және басқа да зиянды құбылыстардың ықтимал құлау қаупінің әртүрлі дәрежесін анықтайды.

Тау-кен кәсіпорындарында қазбаның төбесін бекіту мен басқарудың ұтымды әдісін таңдау жүргізіледі, оны кәсіпорын басшылығы арнайы паспортта бекітеді. Онда осы өндіріс үшін қабылданған қазбаның төбесін басқарудың және бекітудің қауіпсіз әдістері, бекітпенің түрі мен схемасы, технологиялық операциялардың реттілігі, жұмыс көлемі, бекіту материалдарының көлемі сипатталады.

Тау жыныстарын тросты анкерлік-инъекциялық қатайту кен денесінің төнбе және бүйір беттерінің дайындық немесе тазарту қазбаларын жүргізу кезіндегі жалаңаштануын алдын алу үшін, тау жыныстары массивінің беріктігі мен тұрақтылығын арттыру үшін жарықшықты, тұрақсыз, қабаттанған және үгітілген тау жыныстарды қатайту кезінде қолданылуы өте тиімді болып келеді.

2015 жылдың 1-ші тоқсанында Фролов желісінің бойымен, +256 м (260 м) горизонтында шығыс бағытта №2 қабатаралық штрек қазбасын өту ба-рысында қазбаның күмбез бөлігіндегі үлкен көлемдегі таужынысының о-пырылысы болған. Мұнда тау-кен сілемі өте жарықшақты және ұсақ текто-никалық бұзылыстармен ерекшеленген. Жарықшақтардың орташа өлшемі 1,5-2,0 мм-ді құраған [11].

2.1 Кесте – Ақбақай кенорының бекітпеленетін қазбаның тұрақтылығын есептеу үшін қолданылған бастапқы деректер

ж.Пологая восток				
Параметры	ж.Пологая восток	Висячий бок	Лежачий бок	Значение
Горная порода	Кварц	Гранодиорит	Гранодиорит	Кварц
Плотность порода	2,73	2,68	2,68	т/м³
Глубина заложения выработки	500	500	500	м
Угол падения рудного тело	37	40	40	°
RQD(Качество порода)	60	65	65	%
Jn(Количество система трещины)	9,0	9,0	9,0	
Jr(Параметр Шероховатости)	1	1	1	
Ja(Изменяемость стенок трещины)	4	4	4	
Jw(водный фактор)	1	1	1	
SRF(фактор снижения напряжений)	1	1	1	
Среднее расстояние между трещинами	0,2	0,2	0,2	м
Кстр(коэффициент структурного ослабления)	0,4	0,4	0,4	
UCS,прочность на сжатие(в образце)	100	100	100	Мпа
UCS _m ,прочность на сжатие(в массиве)	40	40	40	Мпа
Q', классификация устойчивости	1,7	1,8	1,8	%
A, фактор напряжений	0,2	0,2	0,2	
B, ориентация трещин	0,2	0,2	0,2	
C, наклон обнажения	6,5	6,5	6,5	
N, показатель устойчивости	0,5	0,5	0,5	%

Жер асты тау-кен қазбаларының тұрақтылығын бағалауды жүзеге асыру әртүрлі әдістемелік тәсілдер арқылы асырылады. [6]. Жүргізілетін қазбаның тиімді параметрлерін анықтау үшін халықаралық тәжірибеде кеңінен таныма-л К.Мэтьюз әдісі қолданылады, ол жүргізілген қазбаның нақты жағдайы тура-лы практикалық деректерді талдауға негізделген [7].

К. Мэтьюз әдістемесіндегі N жүргізілген қазбаның төнбе бетінің жалаңаштануының орнықтылық көрсеткіші Н.Бартонның түрлендірілген формуласы бойынша есептеледі [7]:

$$N = \frac{RQD J_r}{J_n J_a} ABC \quad (2.1)$$

мұндағы J_n — массивтегі жарықшақтар жүйесінің санын ескеретін көрсеткіш;

J_r — жарықтардың кедір-бұдырлық көрсеткіші;


J_a — тау-жыныстарының ығысудың беріктік қасиеттерін ескеретін жарықшақтар беттерінің өзгеру көрсеткіші;

A — жыныстардың беріктігі мен кернеулігін ескеретін коэффициент;

B — төнбе бетінің ашылуына қатысты жарықшақтардың (бұзылулардың) жүруін ескеретін коэффициент;


C — құлау бұрышын ескеретін коэффициент (еңіс),

α — жатпа бетінің жалаңаштануы.



2.1 Сурет – К. Мэтьюз әдістемесі бойынша қазбалардың орнықтылығы мен құлауының жағдайларының диаграммасы

2.1 суреттегі декретерге сүйене отырып, Ақбақай кенорнында Пологая кен денесін өндірудің 3 нұсқасы жасалды. Бүкіл нұсқаларда SRK ұстанатын камералар мен кентіректердің параметрлерін анықтау үшін Мэтьюз техникасы қолданылды.



2.2 Сурет – Графикалық түрдегі қазбаның тұрақтылығын есептеу нәтижелері

Жоғарыдағы суреттен, тау-жынытарының тұрақтылығына гидравликалық радиуспен қатынасқа алғандағы көрінісі, яғни гидравликалық радиус 5,5-тен жоғары болса, опырылуға бейімділігі өте жоғары болып келетіндігі көрсетілді.

2.2 Күрделі тау-кен геологиялық шарттарда дайындық қазбаларын өтудің технологияларын талдау

Күрделі тау-кен геологиялық шарттарда дайындық қазбаларын өтудің әр-түрлі технологиялары бар, бірақ соның ішінде негізгісі болып бұрғылап-арттыру (БАЖ) жұмыстары болып есептеледі. Соңғы жылдары, Ақбақай кенорнының кен өндіру процесстерін оптималды жүргізу үшін, тау-кен жұмыстарын тереңдету қарқыны көбейе түсті және тау-кен геологиялық жағдайлардың күрделілігіне байланысты БАЖ-ның әртүрлі технологиялары қарастырылды. БАЖ-нан кейін жатпа немесе төнбе беттері құлаған жағдайда бұрғылау схемасын, жарылыс тәртібін, ЖЗ түрін және т.б. өзгерту керек.

Ақбақай кенорнының опырылымға бейім аймақта кен өндіріліп жатқандықтан, 2019 жылдан бастап жерасты тау - кен қазбаларын үңгілеу кезінде БАЖ параметрлерін оңтайландыру есебінен контурлық жаруды қолдануды жоспарлады.


Осыған байланысты, Phase2 бағдарламалық жасақтамасы қолданылды, ол бұрғылап-арттыру жұмыстарының контурлық массивтің тұрақтылығына әсерін нақты көрсету үшін және соңғы мәліметтерден тау жыныстарының қауіпсіздік коэффициентін анықтау үшін компьютерлік модельдеу жүргізілді. Сандық талдау нәтижелері бойынша қорытынды жасасақ:

1. Алынған нәтижелерге сәйкес, қарапайым жарылыс кезінде қазба төбесіндегі мүмкін тұрақсыз аймақтар 0,5 м-ге жетуі мүмкін, ал контурлық


жарылыс кезінде бұл көрсеткіш екі есе азаяды (0,25 м), яғни контурлық массивтің тұрақтылығы екі есе артады.

2. Жоғарыда айтылғандардың негізінде "Ақбақай" кен орнының тау-геологиялық жағдайында ықтимал құлау аймақтарын азайту есебінен және қауіпсіздік тұрғысынан контурлық жаруды қолдану орынды деп айтуға болады.

Штрек қазбасының көлденең қимасы 11 Батыс ж. Бескемпір РАМП 1, тәжірибелік жарылыстарға дейін және кейін . Контурлық аттырудың нәтижелері:



2.3 Сурет – Қарапайым жарылыс пен Контурлық жарылыс жұмыстарының көрсеткіші




2.4 Сурет – Қарапайым жарылыс пен Контурлық жарылыс жұмыстарының көрсеткіші

Қорытындылай келе, контурлы жару бұрғылау-аттыру жұмыстарын жүргізудің қарапайым (әдеттегідей) әдісімен салыстырғанда мынадай артықшылықтарды қамтамасыз етеді:

- қазба жиегіндегі тау-жыныстардың тұрақтылығы артады, бұл тау-кен жұмыстарын қауіпсіз жүргізуге, әсіресе забой кеңістігінде оң әсер етеді;
- ірі кесекті тау-жаныстарының көлемі қысқарғандықтан, тау-жыныстарын тиеп-тасымалдау жұмыстарына үнемдеуге мүмкіндік береді;
- тау-жыныстарын бекіту бойынша шығындар азаяды;
- БАЖ-дың контурға әсерін азайту есебінен аттырылған қазбаның төбесі мен бүйірлері салыстырмалы түрде беті тегіс болып шығады, бұл жобалық контурларға барынша жақындауды қамтамасыз етеді.

Отандық, алыс және жақын шетелдік кеніштерде жерасты қазбаларын өту кезінде қазбаның төбе бөлігін бекіту үшін көбінесе темірбетон штангала, аркалы бекітпе, бүрікпебетон бекітпесі, комбинациялы бекітпе және басқа да бекітпе түрлері қолданылады. Кез-келген бекітпені қолданғанда, оларға қойылатын негізгі талап қазбаның күмбез бөлігіндегі таужыныстары сілемінің қабаттарын бір-бірінен ажыратпай, мықтап ұстап тұру болып табылады. Жерасты қазбаларын орнықсыз таужыныстары қабатынан өту кезінде, таужынысы қабатының жату сипатына байланысты, опырылып құлауы мүмкін аймақтар негізінен қазбаның төбе тұсында және төбе тұсына жақын орналасқан бүйір бөліктерінде болуы мүмкін. 2.1 суретте жерасты қазбаларын өту кезінде мүмкін болатын опырылымдардың түрлері және опырылу бағыттары көрсетілген [11].



а-қазбаның төбе тұсының опырылымы, $\beta > 60^\circ$; б-қазбаның төбе тұсынан бүйірге қарай ауытқи отыра опырылуы, $\beta = 31-60^\circ$; в-қазбаның бүйір бөлігінің опырылуы, $\beta < 30^\circ$; А-опырылым күмбезінің өсі; С-опырылым күмбезінің тереңгі нүктесі; В-қазбаның ені; h-қазбаның биіктігі

2.5 Сурет – Жазық жерасты қазбаларында мүмкін болатын опырылымдардың түрлері және опырылу бағыттары.

Орнықсыз таужыныстарын бекітуге темірбетон штангаларын қолданғанда, таужыныстарының қабаттары бір-бірімен бірігіп жүкке қарсы тұра ала

тын конструкцияға айналады, яғни штангалы бекітпені таужыныстарының қабаттарын байланыстырушы конструкция деп қабылдау қажет. Қазбаларды штангалы бекітпелермен бекітудің, басқа әдістермен салыстырғанда, өзіндік құны төмен және олар қазбаның көлденең қимасының ауданын тарылтпайды. Жарықшақты тау-кен сілемдерінде, жарықшақтар ұлғая келе бір-бірімен қосылып қазбадағы таужынысы кесектерінің опырылып құлауына әкеліп соғады. Сондықтанда бекем қатты бірақ үлкен көлемде жарықшақта лған тау-кен сілемінде өтілген қазбаларды бүрікпебетонмен қаптайды. Бүрікпебетон бекітпесі негізінен қазбаны қоршаған таужынысын кеніштік атмосфераның әсерінен қорғау үшін оқшау ретінде пайдаланылады [11].

Ал біз қарастырып отырған Ақбақай кенорнын игеруші кеніштерде жерасты қазбаларын орнықсыз таужыныстары қабатынан өткен кезде немесе жерасты кеңістігінің қауіпті аймағы болып табылатын жерасты қазбаларының түйісу аймақтары көбінесе металл торлармен тартылып, анкер бекітпелерімен бекітіледі. Мұндағы металл тор өзектері диаметрі 14-16 мм-лі арматуралардан жасалады. Анкер бекітпесі ретінде А-I, А-II маркалы арматуралардан жасалған темірбетон штангалары қолданылады. Анкер бекітпелерінің қадамы 1,2-1,5 м, ал тереңдігі 1,5-1,7 м шамасын құрайды [11].

а)



ә)




а-металл аркалы; ә-металл аркалы бүрікпебетонмен бірге
 2.6 Сурет – Ақбақай кенорнын игеріп жатқан кеніштерде қолданылатын бекітпе түрлері

2.2 Кесте – Ақбақай кеніші бойынша 2014-2015 жылдар аралығында орындалған қазбалық жұмыстардың көлемі

№	Жұмыс түрлері және атаулары	Өлшем бір.	Орындалған жұмыс
1	Кенді игеру	т	381 700
2	Au орташа мөлшері	г/т	5,6
3	Ag орташа мөлшері	г/т	1,8
4	Au мөлшері	кг	2157,424
5	Ag мөлшері	кг	687,061
6	ТККЖ (ГКР)	м/м ³	1734/276
7	ТКДЖ (ГПР)	м/м ³	2474/217
8	ТКТЖ (ГНР)	м/м ³	4146/423

2015 жылдың 1-ші тоқсанында Фролов желісінің бойымен, +256 м (260 м) горизонтында шығыс бағытта №2 қабатаралық штрек қазбасын өту барысында қазбаның күмбез бөлігіндегі үлкен көлемдегі таужынысының опырылысы болған (2.7 сурет).




2.7 Сурет – №2 қабатаралық штрек қазбасын өту кезіндегі қазбаның күмбез бөлігінің опырылымы

2015 жылдың 1-ші тоқсанында Фролов желісінің бойымен, +256 м (260 м) горизонтында шығыс бағытта №2 қабатаралық штрек қазбасын өту барысында қазбаның күмбез бөлігіндегі үлкен көлемдегі таужынысының опырылысы болған. Мұнда тау-кен сілемі өте жарықшақты және ұсақ тектоникалық бұзылыстармен ерекшеленген. Жарықшақтардың орташа өлшемі 1,5-2,0 мм-ді құраған.

Сонымен қатар бұл аймақтағы кен шоғыры мен таужынысының жанасқан жерлерінде жылжуға бейім хлорит-карбонаттар мен кальциттердің түзілімдері байқалған.







Тау-кен сілемінің опырылысы қазбаның төбе тұсындағы таужыныстарының бір-бірінен бөлшектей ажырап құлауымен сипатталған (1.3 сурет). Желі бойымен №2 қабатаралық штрек қазбасын жобалық берілген бағыт бойынша өту мүмкін болмағандықтан, қазбаның өту орнын ауыстыру шешімі қабылданған.

суретте көрсетілгендей, яғни опырылыс болған аймақтан қазбалар шығыс және батыс бағытта айналып өту арқылы қазылған. Мұндағы тау-кен сілемі салыстармалы түрде орнықты, бірақ әртүрлі бағытқа тараған үлкен көлемдегі жарықшақтануымен сипатталған. Бұл бағытта тау-кен қазбаларын өту барысында да, қазбаның күмбез бөлігінен таужыныстарының бір-бірінен ажырай құлап түсулерінің болуына байланысты, қазбаны металл аркалы бекітпелермен бекіту арқылы өту шешімі қабылданған.



2.8 Сурет – Ақбақай кенішінің +256 м горизонтындағы опырылым болған аймақтың жоспары

Михайлов темір кені кен орнындағы күрделі тау-геологиялық жағдайлары бар учаскелердің бірі № 16 Батыс штрет, №2 бис 2 Солтүстік штрет болып табылады. Оны қазу литологиялық құрамы жағынан да, массивтегі физика-механикалық қасиеттері бойынша да өте қарқынды өзгергіштікпен сипатталатын тұрақсыз тау жыныстарында жүзеге асырылады. II санаттағы құрғақ жыныстарда сыну аймағынан тыс жерде 1 м қадаммен бекіту аркаларын орнату жүргізілді (I типті бекіту). Тау-кен геологиялық жағдайларына шарлаған кезде, топырақта иілгіш немесе сулануға бейім жыныстар болған кезде, ал жабында және орнықтылығы II санатты жыныстар қазбасының ернеулерінде (қырларында) I типті бекітпе үшін қимада жатық орнатылады. Хлорит-серицит, биотит-серицит және лимонитсерицит тақтатастарымен қабаттасқан тау жыныстарында М.М. Протоdjаконов бойынша беріктік коэффициенті $f = 6-8$ құрайды. Бөлінген жарықтардың даму учаскелерінде тақтатастар судың жоғарылауымен сипатталады. Құрғақ күйдегі шифер тұрақсыз, дымқыл болған кезде олар өте тұрақсыз. Көрсетілген тау-кен-геологиялық жағдайлар үшін 32-A-II (A300) (III типті бекітпе) кезеңдік профильдегі арматуралық болаттан озыңқы анкерлік бекітпе салу жолымен және озыңқы бекітпе (II типті) пайдаланбай қазба төбесін жасанды ұстап тұратын арнайы тәсіл қабылданды. Мұндай учаскелерде қазбаны бекіту 0,5 м тең 0,5 СВП22 профілінен раманы орнату қадамымен металл аркалы бекітпемен көзделеді. Осыған ұқсас мысал ретінде ұзындығы 247 м I типті Арка бекітпесін орнатумен №3 Өтпе су құбыры қазбасын өндіру жүргізілді.



2.9 Сурет – Күрделі тау-геологиялық жағдайларда тау-кен қазбаларын бекітудің арнайы түрлерінің бірі


Қолданылатын КМП-А3 аркалары зауытта СВП-22 профілінен дайындалады және паспортқа сәйкес 330 кПа көтеру қабілетіне ие. Бұл аркаларды 0,5

және 1 м кадаммен, сондай-ақ жатық және озыңқы анкерлік бекітпемен бірге қолдану Михайлов кен орнының күрделі тау-геологиялық жағдайларында тау-кен қазбаларын үңгілеу кезінде қажетті қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

2017-2018 жылдары күрделі тау-кен геологиялық жағдайларда дренажды шахтаның күшімен 0,5 км тау-кен қазбаларын қазу жұмыстары жүргізілді. 2019 жылға арналған дренаждық шахтаны дамыту бағдарламасына сәйкес ұқсас тау-геологиялық жағдайларда арнайы бекітуді қолдана отырып, 0,2 км тау-кен қазбаларын үңгілеу көзделеді. Бекітудің жаңа түрлерін қолдану бұрын қазба жұмыстарын жүргізу мүмкін емес деп есептелген учаскелерде қазба жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік бергенімен, осы технологиямен қазбаны жүргізу техника-экономикалық көрсеткіш жағынан өте тиімсіз, шамамен, қолданыстағы өтудің технологиядан 1,5-1,8 есе қымбат, сондай-ақ, қазба жүргізу өнімділігі 0,5-0,8 есе аз.

2.3 Ақбақай кенорнының күрделі тау-кен геологиялық шарттарында қазбаларды бекітпелеудің тиімді технологиясын ұсыну.

Ақбақай кен орнындағы күрделі тау-кен-геологиялық жағдайларға байланысты, тау-кен қазу жұмыстарының тиімділігін арттыратын және еңбек қауіпсіздігі мен өнімділігін арттыруды қамтамасыз ететін Ақбақай кен орнының жағдайларына қолайлы бекітпенің және бекіту технологиясының оңтайлы түрін талдау және таңдау қажеттілігі туындады.



2.10 Сурет – Ақбақай кенорының Пологая-6 тармағындағы штрек қазбасының құрылымы

Жоғарыдағы суретте, Пологая-6 тармағындағы штрек қазбасының кесіп өтетін тау-жынысының құрылымы көрсетілген. Кен қазбасы кен өндіру процестерін үздіксіз жүргізу үшін қауіпсіз жағдайға келтіріледі. Сондықтан, кен қазбасын дұрыс бекіту үшін тау-жаныстарының опырылуына әкелмейтін іс-

шаралар жүргізіледі. Талдау және бағалау нәтижесінде, осы шарттарды қанағаттандыратын және Ақбақай кенорының күрделі тау-кен геологиялық шарттарын ескеретін, тұрақсыз және қатты жарықшақты жыныстар жағдайында массивті алдын ала тросты анкермен және инъекциялық нығайтудың прогрессивті технологиясын қолданудың орындылығы ұсынылды, ол тростық штангалардың артықшылықтарымен (үлкен қуатты учаскелерін нығайту мүмкіндігі) және қатайтатын құрамды инъекциялармен (тау жыныстарын тек ірі ғана емес, сонымен қатар ұсақ сынықты құммен де нығайту мүмкіндігі) біріктіреді. Бұл жүйені қолданудың орындылығы-бекітпенің ауыр, орнатуға көп еңбек қажет ететін, металды көп қажет ететін түрлерін арматурасы бар тросты анкерге ауыстыру, бұл бекітуге кететін уақытты қысқартуды қамтамасыз ететінін, сондай-ақ, бекітпенің көтергіштігі мен тау-кен жұмыстарының қауіпсіздігін төмендетпейтін технология екенін шет елдегі әріптестеріміздің практикасынан (Капаганский ГОК) мәлімделді.

"SRK" консалтингтік компаниясының өкілі Родни Редденнің ұсынысы бойынша WAINI және MACRAES жерасты кеніштеріне референт сапары ұйымдастырылды. Онда, Жаңа Зеландияда орналасқан "OceanaGold" компанияларында тросты анкер (cabel bolt) бекіту жүйелері қолданылатындығы егжей-тегжейлі сипатталды. Тростық анкерлер қазба төбесін терең бекітуге арналған. Бұл кен орындары өздерінің күрделі тау-геологиялық жағдайларымен ерекшеленеді, бұл Светинское және Ақбақай кен орындарының жағдайларына ұқсас.

Ұсынылған схемаға сәйкес, тросты анкерді орнатқан кезде, қазбаның төнбе беті БАЖ-нан кейін де тұрақты болады. Төнбе бүйірінің тұрақтылығының арқасында, тау жыныстарының төнбе бетінің опырылуы қалыптаспайды, бұл өз ретінде, кеннің құнарсыздануын алдын алады. Тросты анкер ұңғымаларын жобалау веерлі ұңғымаларын жобалаумен бірге жүзеге асырылады және бұл жобалық ұңғымалар бекіту паспортында бірге көрсетіледі. Сондай-ақ, "OceanaGold" компаниясындағы әріптестеріміз тросты анкерді қолдану бойынша нұсқаулық және басқа да пайдалы материалдарды ұсынды. Осылайша тросты анкердің орналастыру үлгісі және бекіту технологиясына «Техникалық сипаттама» бар. Алайда, бекіту процесін толық механикаландыру үшін Ақбақай кенорнында жоқ BOLTEC немесе CABLETEC анкер орнатқышты сатып алу қажеттігі де ескерілді (қазіргі уақытта сатып алынды).

Тросты анкерлі бекітпе және қатайтатын ерітінділердің инъекциялары ТМД-да кенді өндіру барысында және көмір шахталарында қолданылады. Басқалықтимал құралдармен салыстырғанда (қатайтатын құрамдарды инъекциялау) алдын ала қатайту үшін тросты анкерді пайдаланудың артықшылығы үлкен қуатты (30-40 м дейін) жыныстардың учаскелерін беріктендірудің қолайлы мүмкіндігі болып табылады [5]. Шетелде орташа орнықты және орнықсыз тау жыныстарының массивтерін нығайту үшін, сондай-ақ тау соққыларынан қорғайтын терең шахталарда тросты анкерді қолданудың оң тәжірибесі бар.

Тау жыныстарын тросты анкерлік бекітудің осы прогрессивті технологиясы нәтижесінде Қазақстанның жер асты кеніштерінде және шетелдік шахталарда, жыныстардың тұрақсыз және қатты жарықшақты массивтерімен күрделі тау-геологиялық жағдайларда тростарды анкерлік қатайған жыныстардан монолитті блоктар ретінде құрылады, тау-кен қазбаларын үңгілеуді еш кедергісіз, қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз етеді, шахталардың терең горизонттарында қазбалардың конструкциясының тұрақтылығын арттырады, сондай-ақ, камера аралық кентіректерді қауіпсіз және толық қазып, кен орнының камералық қорларын жетілдіру үшін, әсіресе шахталарды қайта игеріп отырып және дайындау-кесу жұмыстары кезінде Қазақстанның тау-кен кәсіпорындарының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін, әлсіз және құлаған учаскелерге іргелес жатқан және жылжу аймақтарында ("көпірлер") орнықтылық жасайды.

Осылайша, Ақбақай кен орнының кеннің құнарсыздану дәрежесін бағындыра азайту және бекіту технологиясын жетілдіру мақсатында, кен денесін тростық анкерлермен бекіту технологиясын қолдану шешімі келді.

Тросты анкерді қолданудың тиімділігі:

1. Тросты анкерді қолданудың техникалық нәтижесі- анкердің жүк көтергіштігі мен сенімділігін арттырылуы нәтижесінде кәсіпорын жұмысшыларының қауіпсіздігі қамтамасыз етілді;
2. Контурға жақын массивпен сенімді өзара әрекеттесуі;
3. Тросты анкердің жеңілдетілген дизайны және оны орнатудың күрделілігінің азаюы;
4. Орнатудан кейін бірден қазба жүк көтергіштігі қамтамасыз етілуі;
5. Орнату уақытының қысқарылуы, орнату уақыты шамамен бір минут;
6. Бекітетін құрамдардың қажетсізділігі;
7. Шпурдың/скважинаның бүкіл ұзындығы бойынша бекітілуі;
8. БАЖ-на тұрақты, бекітудің артта қалуынсыз жүзеге асырылуы мүмкін.

2.4 Қазбаларды бекітуге ұсынылған бекітпе түрінің тиімді параметрлерін анықтау және негіздеу

Күрделі жағдайлары бар Ақбақай кен орнындағы тау жыныстардың тұрақтылығын арттыру мәселесін шешудің тиімді әдістерінің бірі-бұл тросты анкерлерді қолдану. Жоғары қысыммен инъекция нәтижесінде қатайтатын қосылыстар ұңғыманы қоршап тұрған тау жыныстарының блоктары мен бөліктері арасындағы жарықтарға еніп, бұл жыныстарды бір-бірімен бекітіп, тау жыныстарын бір тұтас массивке айналдырады.

